

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамның дамуы үнемі өсіп келе жатқан динамизммен, табиғатты танудың жаңа деңгейлеріне енуімен, әлеуметтік құрылымның өзгеруімен және бұрын белгісіз салаларда сапалы жаңа қызмет түрлерінің пайда болуымен сипатталады. Соңдықтан білім мен ғылым «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңартылуы еркін, дербес, жаңашыл, шығармашылыққа ұмтылған маман даярлаумен тығыз байланысты. Демек, кәсіби және адами талаптарға жауап бере алатын жаңа типтегі маман, сыншыл, автор, жаңа идеяны туындатушы, зерттеуші, даярлауға деген табиғи қажеттіліктің өзектілігін айқындайды. Алайда, бүгінгі педагог кәсібі мәртебесінің төмендігі; педагог кадрларды даярлау сапасының жеткіліксіздігі; жоғары білікті педагог кадрлардың тапшылығы; педагог кадрлардың өздігінен білім алуға және кәсіби өсуіне ұмтылысының жеткіліксіздігі; өзінің ғылыми әлеуетін іске асырудың анағұрлым қолайлы перспективаларын іздеумен ғалымдардың басқа мемлекеттерде білімін жетілдіруі, жоғары білім мен ғылымның ықпалдасу деңгейінің төмендігі, жалпы орта және жоғары білім мазмұнының бірігуінің әлсіздігі

баршамызды алаңдатууда. Сондықтан, бүгінгі таңда осы мәселелерді шешуде еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагогтың өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуіне, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары да анық.

Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары алдына әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін игерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады.

Қазіргі кез маманының біліктілік деңгейінің өзекті көрсеткіші кәсіби құзыреттілік болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілік жаңа құрылымы туындап отыр - ол жоғары оқу орнында қалыптасатын ақпараттық-технологиялық құзыреттілік.

Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оның педагогика теориясында негізделмеуі және қоғам дамуының жаңашылдық және ақпараттық деңгейіне сай педагогтарына қойып отырған талабы мен оның жоғары оқу орнында даярлық үдерісінде толық іске асырылмауы арасындағы қарама-қайшылықтар байқалды.

Монография мыналардан тұрады: кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, глоссарий, қосымшалар.

«Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігінің ғылыми-теориялық негіздері» атты

бірінші тарауда философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде мәселенің теориялық негіздері анықталды. Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың мәні ашып көрсетіледі. «Зерттеу және зерттеушілік құзыреттілік» ұғымдары нақтыланды. Жоғары педагогикалық білім беру теориясы мен практикасында болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық ерекшеліктері бөліп көрсетіледі, қалыптастырудың жағдайына талдау жасау арқылы оның мазмұны анықталды, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың үлгісі ұсынылды.

«Болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен нәтижелері» атты екінші тарауда болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық мүмкіндіктері анықталды, болашақ педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін диагностикалау мазмұны мен әдістемесі ұсынылды және жүргізілген эксперимент нәтижелеріне талдау жасалынды. Ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылды.

Ұсынылып отырған монографияда осы қайшылықтың шешімін табуға септігі тиетін теориялық және эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен ғылыми ұсыныстар берілді.